



ALTYNSARIN
AKADEMIASY

ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

БІЛІМ ОБРАЗОВАНИЕ

ISSN 1607-2790

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№3 (98) 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ИМ. И.АЛТЫНСАРИНА

THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
NATIONAL ACADEMY OF EDUCATION NAMED AFTER Y. ALTYSARIN

БІЛІМ – ОБРАЗОВАНИЕ

ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
RESEARCH AND ACADEMIC JOURNAL

№3 (98) 2021

Нұр-Сұлтан, 2021

**ҚР БҒМ Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының
ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ**

Басылымның кезеңділігі - жылына 4 рет шығады

№ 9838-Ж

есепке қою, қайта есепке қою туралы

КУӘЛІК

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат және мұрағат комитетінде берілген

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ

**БІЛІМ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК,
АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ЖАРИЯЛАУ**

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының
президенті – **Бейсембаев Ғани Бектайұлы**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Пұсырманов Н.С. – философия докторы (PhD),
редакция алқасының төрағасы;
Чокушева А.И. – философия докторы (PhD);
Бекмағамбетов Ә.Б. – з.ғ. к., қауымдастырылған профессор;
Вербицкая Н.О. – п.ғ.д., профессор (Ресей);
Калимуллин А.М. – т.ғ.д., профессор (Ресей);
Кожамжарова Д.П. – т.ғ.д., профессор;
Кулмаматов Д.С. – ф.ғ.д., профессор (Өзбекстан);
Есім Ғ. – филос.ғ.д., профессор;
Мехмет Гувен – психология ғ.д., профессор (Түркия);
Шаймерденова М.Д. – т.ғ.к., профессор;
Бутабаева Л.А. – философия докторы (PhD);
Мукашева М.У. – п.ғ.к., доцент;
Нарбекова Б.М. – т.ғ.к., доцент;
Жуманова С.С. – п.ғ.м., жауапты редактор;
Динаева Б.Б. – ф.ғ.к., корректор.

*Материалдардың анықтығына авторлар жауапты болады.
Редакция материалдарды қабылдамауға құқылы.*

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
Национальной академии образования имени И. АЛТЫНСАРИНА МОН РК

Периодичность издания – 4 номера в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет, переучете № 9838-Ж
выдано Комитетом информации и архивов Министерства культуры и
информации Республики Казахстан

ТЕМАТИЧЕСКАЯ НАПРАВЛЕННОСТЬ

ПУБЛИКАЦИЯ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИХ, ИНФОРМАЦИОННО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ
МАТЕРИАЛОВ ПО ПРОБЛЕМАМ ОБРАЗОВАНИЯ И ВОСПИТАНИЯ

Президент Национальной академии образования
имени Ы.Алтынсарина – **Бейсембаев Гани Бектаевич**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Пусырманов Н.С. – доктор философии (PhD),
председатель редакционной коллегии;
Чокушева А.И. – доктор философии (PhD);
Бекмагамбетов А.Б. – к.ю.н., ассоциированный профессор;
Вербицкая Н.О. – д.п.н., профессор (Россия);
Калимуллин А.М. – д.и.н., профессор (Россия);
Кожамжарова Д.П. – д.и.н., профессор;
Кулмаматов Д.С. – д.ф.н., профессор (Узбекистан);
Есим Г. – д.филос.н., профессор;
Мехмет Гувен – д.психол.н., профессор (Турция);
Шаймерденова М.Д. – к.и.н., профессор;
Бутабаева Л.А. – доктор философии (PhD);
Мукашева М.У. – к.п.н., доцент;
Нарбекова Б.М. – к.и.н., доцент;
Жуманова С.С. – м.п.н., ответственный редактор;
Динаева Б.Б. – к.ф.н., корректор.

*Ответственность за достоверность материалов несут авторы.
Редакция оставляет за собой право отклонять материалы.*

RESEARCH AND ACADEMIC JOURNAL
National Academy of education named after Y.Altynsarin, MES RK

Frequency of publication – 4 issues per year

CERTIFICATE

about registration, re-registration
No. 9838-F

issued by the Committee of information and archives of the Ministry of culture and information
of the Republic of Kazakhstan

THEMATIC FOCUS

PUBLICATION OF SCIENTIFIC AND METHODOLOGICAL,
INFORMATION AND INSTRUCTIONAL MATERIALS ON EDUCATION AND UPBRINGING

President of the National Academy of Education
named after Y.Altynsarin – **Gani Beisembayev**

EDITORIAL BOARD

N.S. Pussyрманov – Doctor of Philosophy (PhD),
Chairman of the editorial Board;
A.I. Chokusheva – Doctor of Philosophy (PhD);
A.B. Bekmagambetov – Candidate of Law, associate Professor;
N.O. Verbitskaya – Doctor of pedagogy, Professor (Russia);
A.M. Kalimullin – Doctor of history, Professor (Russia);
D.P. Kozhamzharova – Doctor of history, Professor;
D.S. Kulmamatov – Doctor of Philology, Professor (Uzbekistan);
G. Yesim – Doctor of Philosophy, Professor;
Mehmet Guven – Doctor of Psychology, Professor (Turkey);
M.D. Shaimerdenova – Candidate of history, Professor;
L.A. Butabayeva – Doctor of Philosophy (PhD);
M.U. Mukasheva – Candidate of pedagogics, associate Professor;
B.M. Narbekova – Candidate of history, associate Professor;
S.S. Zhumanova – Master of Pedagogy, executive editor;
B.B. Dinaeva – Candidate of philology, corrector.

*The authors are responsible for the accuracy of the materials.
The editorial board reserves the right to reject the materials.*

МАЗМҰНЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІЗДЕНІС / НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ И НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ПОИСК / SCIENTIFIC-METHODICAL AND SCIENTIFIC-PEDAGOGICAL SEARCH

Сайлыбаев Ә.Ә., Бердібай Ф.Ө.

Негізгі міндет оқушы біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру.....6

Sarken R.S.

Formation of professional readiness of a teacher to work in a small rural school
within the framework of the activities of the methodological center.....10

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА / ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА / INCLUSIVE EDUCATION: THEORY AND PRACTICE

Бутабаева Л.А., Исмагулова С.К., Жүсіп А.Қ.

Инклюзивті білім беруді дамытудағы мектеп әкімшілігінің рөлі.....16

Бутабаева Л.А., Малькенова Ш.Е.

Арт-терапия арқылы нашар еститін бастауыш сынып білім алушыларының
шығармашылық қабілетін дамыту.....22

Макина Л.К., Айтжанова Г.Д.

Оптикалық дисграфиясы бар бастауыш сынып оқушыларының жазбаша сөйлеу тілін түзету жолдары.....29

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗЕРТТЕУЛЕР / ИССЛЕДОВАНИЯ В ОБРАЗОВАНИИ / RESEARCH IN EDUCATION

Бейсембаев Г.Б., Караев Ж.А.

Актуальные проблемы трансформации системы среднего образования на основе STEM-подхода.....33

Динаева Б.Б., Убайдуллаева Г. Ж., Сагиндинов И.У.

Тұлға қалыптастырудағы педагогикалық квалиметрияның негізгі мәселелері.....61

Кененбаев Е.Т.

Проблемы возникающие в связи с ростом использования
невербальных средств коммуникации в социальной сети.....68

ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ / ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ВОСПИТАНИЯ / THEORY AND PRACTICE OF EDUCATION

Сақтағанов Б.К.

Эмоционалдық интеллектіні дамытудың психологиялық аспектілері.....73

Утепбергенова З.Д., Асқарова Ә.Ж.

Шығармашылық қабілеттер көрінісінің психологиялық сипаттамалары.....78

БІЛІМ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ / ОБРАЗОВАНИЕ И ПРАВОВАЯ КУЛЬТУРА / EDUCATION AND LEGAL CULTURE

Бекмағамбетов А.Б., Исмагулова А.Т., Михайличенко И.В., Нурмағамбетов Р.Г.

Роль метода кейс-стади в повышении знаний юристов в высшей школе
Республики Казахстан в условиях цифровой экономики.....82

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТАРИХЫНАН / ИЗ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ / FROM THE HISTORY OF KAZAKHSTAN EDUCATION

Медетбекова М.

Ы.Алтынсарин: Ұлттық білім беру моделі – функционалдық сауаттылық.....88

CONFERENCES, FORUMS, SEMINARS

Сампиев И., Шаймерденова М.Д.

Научные форумы как важный дидактический ресурс:

Post scriptum к заседанию международного круглого стола.....91

Ы.Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойын мерекелеу аясындағы

«Ы.Алтынсарин: Ұлттық педагогика, методология» атты мерекелік онкүндік.....103

БІЗДІҢ АВТОРЛАР/ НАШИ АВТОРЫ / OUR AUTHORS.....106

ЖУРНАЛ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ / ПОЛОЖЕНИЕ О ЖУРНАЛЕ / POSITION ABOUT THE JOURNAL.....107

FTAMP 14.15.07

Ә.Ә. САЙЛЫБАЕВ¹, Ф.Ө. БЕРДІБАЙ²

¹п.ғ.к., доцент

*Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан*

²№33 мектеп-лицей директорының орынбасары
Алматы қ., Қазақстан

НЕГІЗГІ МІНДЕТ ОҚУШЫ БІЛІМІНДЕГІ ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫҢ ОРНЫН ТОЛЫҚТЫРУ

Соңғы жылдары еліміздің білім беру жүйесі күрделі сынақтардан өтіп келеді. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің шұғыл қабылдаған пәрменді шараларының негізінде жалпы білім беретін мектептердегі оқу процесі үзілген жоқ.

Оқу жылында еліміздегі және әрбір өңірдегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуалға байланысты мектептердегі оқу процесі дәстүрлі, қашықтан, аралас тәртіппен жүргізілді. Ресми ақпарат бойынша мектептердің 60% (3 998 мектеп) оқу жылы бойы оқу процесін дәстүрлі түрде жалғастырды. Оқушылардың 30% (6, 7, 8 және 10 сыныптар) оқуды қашықтан жалғастырды және «Жазғы мектеп» шеңберінде (1 миллионнан аса) білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтырды. 2020-2021 оқу жылының I тоқсанында дәстүрлі тәртіппен оқуын жалғастырған оқушының саны 1 млн болса IV тоқсанда олардың саны 2,2 млн-ға жетті. Күрделі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайда жоғары кәсіби санатты және азаматтық ұстанымы жоғары мұғалімдер аса қажетті телесабақтар өткізді.

Еліміздегі эпидемиологиялық жағдай әлі де айтарлықтай жақсармай

отыр. 2021-2022 оқу жылында педагогтерге аса күрделі міндеттер жүктелді. Біріншіден, өткен 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарында оқу процесінің ауыспалы тәртібіне байланысты әрбір пәннің оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары бойынша білім алушылардың біліміндегі болуы мүмкін олқылықтардың орнын толықтыру қажет. Содан соң ғана жаңа 2021-2022 оқу жылындағы әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасын меңгеру қамтамасыз етіледі.

Оқушы мен педагогтің алдындағы осындай күрделі қос міндетті шешу жұмысын қалай ұйымдастыруға болады, әрбір білім алушының біліміндегі өткен оқу жылдарында орын алған олқылықтардың орнын толықтыра отырып, жаңа оқу мақсаттарын қалай меңгертуге болады? Осы мәселе бойынша пән мұғалімдеріне, әдістемелік бірлестіктер мен әкімшілік мүшелеріне арналған білім алушының біліміндегі өткен оқу жылдарында орын алған олқылықтардың орнын толықтыра отырып, жаңа оқу мақсаттарын меңгертудің реті (алгоритмі) ұсынылады.

№	Жұмыс мазмұны
Диагностикалық жұмыс (I тоқсанның I аптасында)	
1	Өткен оқу жылдарындағы пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша әкімшілік диагностикалық бақылау жұмысын жүргізу.
2	Тақырыптар бойынша олқылығы бар оқушылардың санына байланысты өткен тақырыптардың қиындық ретін анықтау. Мысалы, қандай да бір тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны көп болса, сол тақырып ең күрделі болып есептеледі. Тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны аз болса, ол тақырыптың күрделілігі төмен болып есептеледі.
Жоспарлау жұмысы (I тоқсанның II аптасында)	
3	Пәннің оқу бағдарламасы бойынша өткен оқу жылдарының оқу мақсаттарына жаңа оқу жылындағы сәйкес оқу мақсаттарын анықтау.
4	Өткен оқу жылдарының оқу бағдарламасы бойынша оқу мақсаттарына жаңа оқу жылындағы сәйкес оқу мақсаттары анықталған сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларын мақсаттарды үйлестіре, кіріктіре отырып дайындау. Жаңа оқу мақсаттарын (тақырыптарды) меңгеру үшін өткен оқу жылдарындағы тақырыптар бойынша олқылығы бар оқушыларға дайындалып келуге берілетін алдын-ала тапсырмалар дайындау.
5	Жаңа оқу жылындағы пәннің оқу бағдарламасы бойынша оқу мақсаттарына өткен оқу жылдарының сәйкесті оқу мақсаттары жоқ тақырыптарды анықтау.
6	Жаңа оқу жылындағы пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттарына сәйкестігі жоқ өткен оқу жылдарының оқу мақсаттары бойынша олқылықтары бар оқушыларды тізімдеу және топтастыру.
7	Пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін кеңестердің кестесін жасау.
8	Олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін кеңестердің кестесі сәйкесті жаңа тақырыптың алдын алу принципімен жасалады.
9	Олқылықтары бар оқушылардың топтарымен өткізілетін кеңестердің кестелерін жоспарлау принциптері: - жаңа сабақтың алдындағы күнгі кеңестер; - бескүндік сабақ кестесіне сыймаған жағдайда сенбілік кеңестер; - каникул күндеріндегі кеңестер; - жазғы мектеп күндеріндегі кеңестер.
10	Жаңа сабақтың алдындағы күнгі кеңес беру топтарын анықтау, кестесін жасау
11	Қажеттілігіне қарай сенбілік кеңес беру топтарын анықтау, кестесін жасау
12	Каникул күндеріндегі кеңес беру топтарын анықтау, кестесін жасау
13	Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес тақырыптарын анықтау, кестесін дайындау
14	Жаңа оқу жылындағы оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізу кестесін және талдау жұмысының жоспарын дайындау (бұл жерде білім алушының өткен оқу жылы бойынша білімінің сапасы да, олқылықтары да көрінеді): - қыркүйектің екінші аптасы (диагностикалық әкімшілік бақылау); - бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) кестесі; - тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) кестесі.

Жүзеге асыру және талдау жұмысы (оқу жылы бойы)	
15	Пән бағдарламасы бойынша оқу мақсаттары кіріктірілген қысқа мерзімді жоспар негізіндегі сабақты ұйымдастыру арқылы оқушылардың біліміндегі алғашқы олқылықтарын толықтыра отырып, жаңа бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізу.
16	Жаңа сабақ алдындағы кеңес беру кестесі бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып, жаңа бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізу.
17	Жаңа сабақ алдындағы сенбілік кеңес жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып, жаңа бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізу.
18	Каникул күндеріндегі кеңес жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып, жаңа бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізу.
19	Жазғы мектеп күндеріндегі кеңес кестесі бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыру.
20	Білім алушылардың білім сапасына жүргізілген жүйелі мониторинг жұмысының нәтижесін талдау және әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте талқылау: - диагностикалық бақылау жұмысының талдамалық есебі - әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте; - бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебі - әдістемелік бірлестікте; - тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмысының талдамалық есебі - әдістемелік бірлестікте, әдістемелік кеңесте, педагогикалық кеңесте. - оқу жылының қорытындысы бойынша талдамалық есеп – әдістемелік бірлестікте, педагогикалық кеңесте.

Осы ретпен әрбір мұғалім оқушының біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмысын қалай жоспарлайды?

Алгоритмнің 1-қадамы – диагностика: өткен оқу жылындағы пәндердің оқу бағдарламасы бойынша диагностикалық бақылау жұмысын жүргізу. Диагностикалық бақылау жұмысының нәтижесімен оқу жылында ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспарланады.

Біріншіден, егер өткен оқу жылы Сіздің дәстүрлі немесе қашықтан оқытуыңыздың нәтижесінде ешбір оқушыңыздың білімінде ешбір олқылық анықталмаса, Сіз оқушының біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмысымен айналыспайсыз, қосымша сабақ бермейсіз, кеңес жүргізбейсіз, тек жаңа бағдарламаны меңгертумен айналысасыз. Ал егер диагностикалық бақылау жұмысының нәтижесінде

қандай да бір пән бойынша оқушылардың білімінде олқылықтар анықталса, онда ол оқушы анықталған олқылықтардың орнын толықтырмай жаңа тақырыптарды меңгере алмайды. Бұл жағдайда мұғалім, мектеп әкімшілігі алгоритмнің 2-қадамын қарауы керек.

Алгоритмнің 2-қадамы – жоспарлау: оқушыларда анықталған олқылықтардың орнын толықтыру жұмысын жоспарлау. Бұл жерде 5 түрлі мүмкіндік көрсетілген.

Бірінші – олқылықтар анықталған пәннің өткен оқу жылындағы бағдарламасының оқу мақсаттарына жаңа оқу жылындағы бағдарламада сәйкесті оқу мақсаттарының болуы. Онда жаңа сабақтардың қысқа мерзімді жоспарлары өткен және жаңа оқу жылындағы оқу мақсаттарын үйлестіре, кіріктіре отырып дайындалады. Бұл жағдайда да мұғалім қосымша сабақ бермейді, кеңес жүргізбейді,

тек олқылығы бар оқушыға алдын ала дайындалып келуге тапсырма беру арқылы жаңа бағдарламаны меңгертумен айналысады.

Екінші – олқылықтар анықталған пәннің өткен оқу жылындағы бағдарламасының оқу мақсаттарына жаңа оқу жылындағы бағдарламада сәйкесті оқу мақсаттарының болмауы. Бұл жағдайда олқылығы анықталған оқушы қандай да бір қосымша кеңестерсіз жаңа тақырыпты меңгере алмайды. Олқылығы анықталған оқушылармен жүргізілетін қосымша сабақтарды қандай сағаттардың есебінен жүргізуге болады деген мәселеде көптеген тәжірибелі мектеп басшылары, мұғалімдер бірнеше жол ұсынды. Бірінші жолы – мектептің жұмыс оқу жоспарының вариативті бөлігіндегі сағаттардың есебінен жүргізу мүмкіндігі. Бұл жағдайда мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен оқушыларының білімінде олқылықтары бар мұғалімдерге оқушылардың білімін кеңейтуге, тереңдетуге арналған факультативтік сағаттар есебіне сағаттар бөлуге болады. Екінші жолы – қосымша білім беру ұйымдарының жұмысын оқушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыруға бағыттау. Бұл жағдайларда оқушыларының білімінде олқылықтары бар мұғалімдер оқушыларының білімін қосымша білім беру кестесіне орналастырылған сабақтар арқылы жұмыс күндері өткізеді немесе ол оқушылар қосымша білім беру ұйымдарында жүргізілетін сабақтар арқылы білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтырады.

Үшінші – егер оқушылардың біліміндегі олқылықтардың көлемі көп болып, жоғарыда аталған үш түрлі мүмкіндіктің барлығы да оған жеткіліксіз болған жағдайда тоқсан аралық каникул күндерінде, оқушылар мен ата-аналардың келісімімен

қосымша кеңестер ұйымдастыру мүмкіндігі бар. Бұл күндер мұғалімнің жұмыс уақыты, айлығы жүреді.

Төртінші – жазғы мектеп уақытындағы кеңестер. Күзгі, қысқы және көктемгі каникул уақыты, сондай-ақ кезекті демалысқа сәйкес келмейтін жазғы каникул уақыты мұғалімдер үшін жұмыс уақыты болып табылады («Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 21.04.2020ж №153 бұйрығы. (ҚР Әділет министрлігінде 22.04.2020ж № 20449 болып тіркелген).

Бесінші – оқушы біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыруға мұғалімдердің де оқушылардың да бес күндік жұмыс күндерінің (45 минуттық сабақтарының), қосымша білім беру сағаттары мен ұйымдарының, каникул күндеріндегі кеңестердің мүмкіндіктері таусылған жағдайда оқушыларының білімінде орын алған олқылықтардың орнын толықтыру сабақтары сенбілік кеңестер арқылы жүргізуге мүмкіндік бар. Жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық құжаттың 10-бабында «Білім беру ұйымдарында типтері мен түрлеріне қарай педагогтердің нақты жүктемесін, оқу-тәрбие жұмысының жоспарын, оқу кестесін және қолда бар материалдық-техникалық, кадрлық ресурстарды ескере отырып, бес күндік немесе алты күндік жұмыс аптасы белгіленеді» делінген. Сондықтан, ұсынылған алгоритм балаларымыздың білімінің сапасы төмендеген жағдайда оны қалпына келтірудің барлық мүмкін жолдарын көрсеткен. Бірақ балаларының білімінің сапасы төмендеген жағдайда оны қалпына келтіруде мектептегі мұғалімдерден қайыр болмаса, ата-ана баласын сенбі күні болсын, жексенбі күні болсын қосымша оқыту орталықтарының қызметіне жүгінуге мәжбүр болады.

SRSTI 14.15.15

R.S. SARKEN

*Director of the Center for Methodological Work
and information technologies in the education»
of the Department of Education of the Akimat of the North Kazakhstan region»,
Petropavlovsk, Kazakhstan
e-mail: roza.srken@mail.ru*

FORMATION OF PROFESSIONAL READINESS OF A TEACHER TO WORK IN A SMALL RURAL SCHOOL WITHIN THE FRAMEWORK OF THE ACTIVITIES OF THE METHODOLOGICAL CENTER

Abstract. *This article tells about the organization of teachers' methodical support from the methodical service of the region, using all innovative forms of successful interaction between methodologists and teachers, living in small schools of the North Kazakhstan region.*

Key words: *incomplete schools, methodical services, resource centers, professional competence.*

In the field of education of the Republic of Kazakhstan the special attention has been given to the development of small sized schools, as in recent years the number of schools, having a small number of students, combined classes, sets, having specific form of the formation of classes has increased dramatically. Today almost every fourth Kazakhstani teacher and every sixth Kazakhstani pupil work and study in small schools.

The functioning of the system of small schools simultaneously influences in the indicators of each level of education of the country as a whole and is the most important factor of the development of agricultural regions.

The school, situated in the village, plays a city-forming role, as having the status of the educational and cultural center, it contributes to preservation of the settlement, and hence, has a huge influence on the economic development of the territory.

The results of the final attestation of students, living in rural and urban schools show a gradual increase in the average score from a small settlement in favor of the metropolitan area. This difference becomes one of the important reasons for the outflow of the population to larger settlements.

The comparison of rural and urban schools shows a significant difference in the provision of facilities, infrastructure, funding, and, most importantly, the lack of highly qualified teachers. This difference affects on general education, which, in my opinion, is the reason for the «gap» between the village and city.

By the start of the 2020-2021 academic year, this gap was 80,9 percent, therefore, one of the most important tasks for the Center for Methodological Work and Information Technologies in Education was to find and develop effective, innovative ways of functioning of small schools.

A rural school with a small number of students has its own features due to the fact that the teacher has to solve very specific problems: how to organize the learning process in a multi-age group with students from different grades and different educational curricula; how to teach several subjects without having particular academic background in some of them; what are the forms and methods of teaching in a classroom with several students; how to organize learning process in a classroom for several students.

A teacher working in such difficult circumstances should have a number of additional professional competencies.

The professional readiness of the teacher, working in a small school is understood by the pedagogical community as a holistic integrative quality of the teacher's personality, which is manifested in a set of theoretical, methodological, natural competences, expressed in practical skills and abilities to organize the pedagogical process in a small school.

These competences require the necessity of special preparation for teachers to work in such types of schools. Therefore, the following question has been posed to the methodological service: How to organize an effective methodological support of teachers' professional preparedness to work in small boarding school, using the the Center's opportunities?

To answer this question, the research has been carried out, showed that a positive and effective response will be the implementation of the Program, aiming to build teacher's professional preparedness to work in small schools, such as: the analysis of modernization of rural schools in the region, which for the most part we classify as small

schools, showed that here of particular importance is the improvement of teachers' professional development.

Methodological Center, given the relevance of the problem, introduced the implementation of professional training for teachers, capable to constantly develop their modern technologies and methods to work in small schools.

As a result of the program teachers should master:

- knowledge of the peculiarities of the organization of learning process and upbringing in small schools;
- the ability to apply the acquired knowledge in practice;
- creative, analytical skills and self-education in the organization of the pedagogical process in a small staffed rural school.

Distance interaction between methodological service and teachers has expanded horizons of possibilities, therefore to realise this program in a new academic year the constant operating seminar for teachers, working in small comprehensive schools, has been chosen to modernize the content of the pedagogical process.

Opportunities for a new format of communication with teachers, including those from remote schools, which is especially important for our region, have expanded the functions of methodological support for teachers. That is why the working plan of the Center includes the implementation of subject associations, various activities and training workshops in online format, utilising educational projects, at both national and international levels.

So, in March 2021 the Center organised and conducted the regional subject Olympiads for subject teachers in collaboration with international colleagues. In April the international

online Olympiad for teachers of chemistry, biology, mathematics and elementary school was held, in which more than 5000 teachers from Kazakhstan and Russia participated.

Fifty seven percent of the North Kazakhstan teachers participating in the Olympiad were from rural and small-sized schools.

The subject Teachers' Associations have become the effective instrument for representation and dissemination of positive teaching experience as well as the means for solving professional difficulties and improvement of teachers' professional development. This school year, each association presented the experience of its teachers through various forms:

- Dialogue platform - Association of Teachers of Mathematics;
- Festival of methodological ideas - Sheberlik Association of Chemistry and Biology Teachers;
- Kaleidoscope of ideas - The Association of Teachers of Physics;
- Pedagogical panorama - Association of elementary school teachers;
- Methodological Laboratory - Association of Teachers of the Kazakh Language;
- «Saturday Night» - Association of History and Geography Teachers;
- master classes «I can share» - Association of Teachers of Russian Language and Literature.

More than 8,000 teachers participated in these educational projects, at least 60% of them were from rural schools.

One of the State Program's for the Development of Education and Science for 2020-2025 priorities was to narrow the gap between cities and villages, for this special teachers from schools with low performance were assigned to «strong» schools, and specialized schools were

supervised by rural schools. Conducted online master classes, consultations of teachers from «strong» schools for their mentees were aimed to develop the strengths of the teacher, to boost confidence in overcoming problematic situations, with which they encounter in their professional activities.

In November 2020, the Regional Pedagogical Panorama «Alley of Open Lessons» was launched. Panoramic review of 155 lessons with students provided a unique opportunity to reach the farthest schools and see teachers' lessons in real time, and expert observers - teacher masters and researchers provided teachers, who presented their experience to colleagues at such a high level with the methodological support and feedback.

The best lessons are posted on the website.

A decrease in the quality of knowledge at the end of the year showed the need to take urgent measures to fill students' knowledge gap, teachers of the region organized so-called «Summer Schools».

85 teachers (including 11 from the regional center) within the Panorama, organized by us for the purpose of generalization and distribution of similar experience, shared the recordings of their lessons with colleagues. The best video lessons were awarded with certificates from the Center.

In order to provide teachers with comprehensive assistance in addressing various methodological issues, cooperation, and to provide the conditions for professional growth and competence, on the one hand, and the requests, interests, needs of the teachers themselves, on the other hand, organized a permanent webinar «Methodological hour» on current issues of education - for teachers of the district, methodologists, subject teachers of the district and city

departments of education as a practice-oriented approach to solve urgent problems.

Reflection on the results of these webinars showed interest, timeliness and relevance of such a dialogue platform, where in real time, teachers had the opportunity to get information on issues of interest and all the necessary clarifications.

In addition, we conducted a two-stage training seminar using BilimLand, Kundelik.kz, ZOOM, DARYN.ONLINE, Microsoft Teams, Google Forms platforms on «Organization of Distance Learning» to raise the level of IT competences for more than 3000 teachers.

Also, for the purpose of building direct and prompt interaction with methodologists of regional education departments and with teachers, 78 WhatsApp chatbots have been created, working on a permanent basis.

We have developed a video tutorial on how to use the Telegram chatbot, developed by the National Academy's of Education named after I. Altynsarin, containing all the normative legal acts regulating the educational process.

We actively broadcast the best practices of teachers on YouTube channel «Bilikti ustaz». This content has 1,500 subscribers. Videos are viewed daily by more than 200 teachers.

To provide methodological support to beginner teachers, especially those in rural schools, who need support and accompaniment, as well as for teachers who want to transfer their skills, we have introduced a regional project called the «Mentoring Lab».

Today 408 young regional teachers work with mentor teachers on how to organize learning activities within their subject area. Together with the educational departments, the Center's

methodologists conducted online dialogue platforms with mentors.

One of the most important ways to solve the problems of small schools is to create support schools - resource centers - on the basis of complete rural schools, where the educational resources of nearby small schools are consolidated, with several magnet schools assigned to each resource center.

In the academic year 2020-2021 the network of resource centers with sufficient material and technical base: classrooms of new modifications, multimedia classrooms, labor training was 26 units, 64 magnet schools with more than 550 students were attached to them.

The role of resource centers of support schools at this stage is very important to support the level of education, in this regard, the Support School is important to ensure access to quality education for students of small schools.

Specialists of the methodological center carry out work on coordination and methodological support of the regional resource centers during the school year, including conducting on a systematic basis training webinars, regional and national seminars to exchange experience between the support and magnet schools.

In September 2020-2021 school year, a regional training webinar was held on the maintenance of regulatory and legal documentation in the resource center; during the seminar, L.N. Roerich, deputy director of the school for academic studies of the Kalinovskaya school, spoke about the organization and drawing up a work plan.

In November last year, the Centre for methodical work and information technology in education held a regional online seminar on «The role of the resource center to ensure equal access to quality education. The experience of work

at the regional seminar was presented by the resource center of Kalinovskaya secondary school of the district G. Musrepova.

In January, we took part in a regional seminar held by the Center for Innovative Development of the Department of Education of the Pavlodar region, where methodologist of the Center Bektemirov A. made a presentation on «The role of social and psychological services in the adaptation of children from magnet schools».

The resource centers assist distant village schools in overcoming social isolation of children, deficiency of cultural and developing environment. The problems of pre-profile and profile education are being solved.

In April 2021, the regional seminar was held to share experiences among the resource centers, where Tayynshinsky regional resource center presented their work experience.

The seminar was attended by the former representative of the National Academy named after I. Altynsarin Kudaibergen G.S. and representatives of resource centers of Pavlodar, Akmola and Kostanai regions.

Such seminars are considered as the effective platform for mutual exchange of experience between the regional RCs. Such work allows to determine the effectiveness of the work carried out by the RC administration and their interaction with the magnet schools, to identify existing problems in the organization of work.

To identify the most effective work experience and determine the best results, in February 2021 the Center held a regional contest «Best Resource Center. The first place by results of the competition was awarded to RC of Kalinovskaya secondary school of G.

Musrepov, the second place to RC at the secondary school № 2 of Taiynshi city and the third place to RC of Sovetskaya secondary school of M. Zhumabaev district.

The result of such work was the participation of North Kazakhstan schools in the regional and national stages of the competition «Best Supporting School (Resource Center)», where one of the schools won the event.

Initiated by the Center's methodologists, the Republican online seminar «Problems, search and solutions» on organizing the work of resource centers with magnet schools in the distance learning mode was held.

The event was attended by the director of the Center for development of National Academy of Education named after I. Altynsarin, as well as representatives of Karaganda regional department of education.

The participants of the event noted that in the situation of educational crisis during the pandemic, the children from small schools were assisted by the qualified specialists in overcoming difficulties in the basic disciplines. The educational motivation of pupils did not decrease that was shown in improvement of educational performance in mastering of practical skills within the framework of profiles. A great professional role was played here by the Center's methodologists, who supported teachers, working in small schools and resource centers at a distance.

In May 2021 a final meeting of all resource centers of the region was held, where the results of work for the school year were summed up and strategic objectives for the new school year were outlined.

Resource centers are fully innovative educational organizations and provide

modern forms of learning, where the capabilities of modern educational technologies are used, students have the opportunity to study with subject teachers - «narrow specialists», it is proved by the observed positive dynamics of the level of general educational skills and abilities of students, studying in small schools. In general, we can say that the supervision of RC activities by the methodological services makes it possible to provide timely pedagogical support for teachers, contributing to the effectiveness of their work.

Thus, all systematic daily work carried out by the Center allows to solve existing needs of the pedagogical community to improve the quality of education by providing feedback from teachers, which

allows you to make effective adjustments in the activities of teachers, including teachers of small schools.

A difficult stage of educational adaptation and restoring the quality of knowledge awaits us ahead. Therefore, joint work of methodologists and teachers, aimed at positive results, becomes the effective condition in the development of all participants' professional competence, irrespective of degree of schools' remoteness, which was proved during the previous period of remote mutual cooperation.

I believe that the timeliness and professional performance of such work is a guarantee of excellent results in the foreseeable future.

Р.С. Сәркен

**ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ АЯСЫНДА ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ
АУЫЛ МЕКТЕБІНДЕ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*«Әдістемелік жұмыс және білім саласындағы ақпараттық
технологиялар орталығы» КММ директоры,
Петропавл қ., Қазақстан, e-mail: roza.srken@mail.ru*

Р.С. Саркен

**ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ГОТОВНОСТИ УЧИТЕЛЯ
К РАБОТЕ В МАЛОКОМПЛЕКТНОЙ СЕЛЬСКОЙ ШКОЛЕ
В РАМКАХ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЕТОДИЧЕСКОГО ЦЕНТРА**

*директор КГУ «Центр методической работы
и информационных технологий в сфере образования»
КГУ «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области»
г.Петропавловск, Казахстан, e-mail: roza.srken@mail.ru*

Аңдатпа. Мақала Солтүстік Қазақстан облысының шағын жинақты мектептері әдіскерлері мен педагогтарының табысты өзара іс-қимыл формаларының барлық инновациялық арсеналын пайдаланатын облыстың әдістемелік қызметі тарапынан мұғалімдерді әдістемелік сүйемелдеуді ұйымдастыру туралы баяндайды.

Түйін сөздер: шағын жинақты мектептер, әдістемелік қызметтер, ресурстық орталықтар, кәсіби құзыреттер.

Аннотация. Статья рассказывает об организации методического сопровождения учителей со стороны методической службы области, использующей весь инновационный арсенал форм успешного взаимодействия методистов и педагогов малокомплектных школ Северо-Казахстанской области.

Ключевые слова: малокомплектные школы, методические службы, ресурсные центры, профессиональные компетенции.

FTAMP 14.29.05

Л.А. БУТАБАЕВА, С.К. ИСМАГУЛОВА, А.Қ. ЖҮСІП*Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,**Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан,**e-mail: l_askarovna@mail.ru, svetlana_isk@list.ru, zhussipaidana@gmail.com*

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДАҒЫ МЕКТЕП ӘКІМШІЛІГІНІҢ РӨЛІ

Аңдатпа. Мақалада жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беру ортасын қалыптастырудағы, әрбір балаға қолайлы білім беру ортасын құрудағы мектеп әкімшілігінің рөлі қарастырылады. Сонымен қатар жалпы білім беретін мектептердегі инклюзивті білім берудің ағымдағы жағдайын анықтау мақсатында мектеп директорлары, олардың орынбасарлары және педагогтерге жүргізілген сауалнаманың сұрақтары бойынша ішінара талдау жасалып, инклюзивті мәдениет, саясат және практика секілді инклюзивті білім беру аспектілерін дамытудағы мектеп басшылығының рөлі айқындалады. Сондай-ақ мақалада барлық балалардың, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың сапалы білім алып, әлеуметтенуіне жағдай жасауда табысқа жеткен шетелдік және отандық мектептердің озық практикасы зерделенеді, мектеп директорларына қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар беріледі.

Түйін сөздер: ерекше білім беруді қажет ететін балалар, инклюзивті білім беру, мектеп әкімшілігі, инклюзивті мәдениет, инклюзия философиясы, табысты тәжірибе.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының білім беру саясатының басым бағыттарының бірі мектептерде мектеп қоғамдастығының барлық мүшелерін «қамтитын» білім беру ортасын құруға және дамытуға мүмкіндік беретін атмосфераны қалыптастыру, қажетті жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: «Күнделікті мәселелерді шешумен қатар, балалардың бәріне бірдей мүмкіндік туғызу үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы керек» деп атап өтті [1].

Білім беру ортасының сапасын жетілдіру жалпы білім беретін мектеп-

тер қызметінің маңызды бағыты болып табылады. Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да инклюзивті білім беру мәселелеріне көп көңіл бөлінген, онда таяудағы бес жылдағы аса маңызды міндеттердің бірі «оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету» болып айқындалған [2].

Кез келген мектепте барлық балаларға, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қатысты сапалы білім беру және табысты әлеуметтендіру қамтамасыз етілуі тиіс. Аталмыш тапсырманы орындай алмайтын дәстүрлі білім беру жүйесі жаңа өркениеттік сынақтарға жауап беретіндей өзгерістерді қажет етеді.

Мұндайда қазіргі уақытта педагогтерде балалардың жеке білім алу қажеттіліктерін іске асыруға байланысты өздерінің кәсіби ізденістерін шыңдау қажеттілігі туындайды.

Жалпы білім беру процесіне ЕБҚ бар балаларды қосудың мәселелері бірінші кезекте мектептегі жұмысты қайта қарастырумен, қайта жоспарлаумен байланысты. Бұл ретте мектепте инклюзивті мәдениет пен практиканы қалыптастыру процесінде әкімшілік басқару мен педагогикалық өзін-өзі басқарудың жақсы жолға қойылған жүйесінің маңызды рөлін атап өту қажет.

Зерттеудің мақсаты әрбір балаға сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етудегі мектеп әкімшілігінің рөлін анықтау болып табылады.

Мақсатқа жету үшін бірқатар міндеттер қойылды, олардың ішінде: инклюзивті ортада білім беру процесін ұйымдастыру бойынша мектеп әкімшілігінің халықаралық және отандық жұмыс тәжірибесінің озық үлгілерін көрсету, инклюзивті білім беру мәселелері бойынша еліміздің мектеп басшылары мен педагогтері үшін жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау.

Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА Инклюзивті білім беру орталығымен 2020 жылы Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім берудің қазіргі жағдайын мектеп директорлары, олардың орынбасарлары мен мұғалімдері көзқарасы тұрғысынан анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді.

Деректерді ақпараттық жинау әдіснамалық тұрғыдан құрылымдалған сауалнама негізінде іске асырылды. Онлайн сауалнама жүргізу үшін GoogleForms сервисі пайдаланылды.


Сауалнаманың мақсатты аудиториясын 14 облыс және 3 республикалық маңызы бар қаладан барлығы 69 573

педагог құрады (ЖАО ведомстволық бағынысты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің педагог қызметкерлерінің 21%-ы), оның ішінде сауалнамаға 1 771 мектеп директоры, 5 646 директор орынбасарлары және 62 156 мұғалім қатысты. Статистикалық деректерге сүйенсек, сауалнамаға ҚР-дағы күндізгі жалпы білім беретін мектептердің 25%-ының басшылары немесе әрбір төртінші директор қатысты деуге болады [3].

Қала және ауыл бөлінісінде респонденттердің басым бөлігін (40 539 респондент немесе 58,3%) ауылдық мектептердің педагогтері, ал қалған 41,7%-ын (29 034 респондент) қалалық мектеп педагогтері құрады.

Аймақтық бөліністе аса белсенділікті СҚО (49,5%), Ақмола (39,3%) облыстары, ал төмен белсенділікті Қызылорда (10%) және Түркістан (10,1%) облыстары көрсетті. Өңірлерге қатысты аталмыш статистика сонымен қатар сауалнама жүргізу кезінде білім беру органдары мен әдістемелік қызметтердің мүдделілігі мен ұйымдастырушылық жұмыстарының деңгейін сипаттайды. Бұл өз кезегінде инклюзивті білім беруді дамыту мәселелерінің өзектілігіне қатысты шынайы қарым-қатынастың немесе түсіну-түсінбеу деңгейінің жаңа дәлелі де болуы мүмкін.

Сауалнамадағы «ЕБҚ бар білім алушыны оқу процесіне қосу бойынша мәселелерді шешуде мектеп басшысы басты рөл атқарады» тұжырымына қатысты жауаптарға назар аударсақ, мектеп басшыларының 7,3%-ы бұл тұжырымға қатысты жауап беруде қиналатындығын, ал 25,4%-ы бұл тұжырыммен келіспейтіндігін мәлімдеді. Демек, сауалнамаға қатысушы мектеп директорларының шамамен 1/3 бөлігі бұл тұжырымға оң жауап бермеді (1-сурет).




1-сурет. Мектеп директорларының «ЕБҚ бар білім алушыны оқу процесіне қосу бойынша мәселелерді шешуде мектеп басшысы басты рөл атқарады» тұжырымына жауаптары

Әлбетте, көптеген мектептерде білім алушылар, ата-аналар және педагогтер бірлесіп, мектептегі маңызды білім беру процестеріне бірдей енетіндей жағдайды қамтамасыз ету мақсат етіледі. Десе де, бұл бастамалардың кілті көшбасшылық екенін есте сақтау қажет. Мектеп деңгейіндегі көшбасшы – директор. Жаңа формация жетекшісі жаңаша жұмыс істеуі тиіс, ұзақ мерзімді кәсіби шеберлік пен тәжірибенің үздіксіз дамуы нәтижесінде іс-әрекеттерді жүйелі жоспарлап, педагогикалық қызметтің тиімді нәтижелеріне шоғырлана білуі тиіс. Сол себепті мектептерде өз қызметкерлерінің күш-жігерін біріктіріп, басқарудың мәдени-этикалық құралдарын кеңінен қолдана білетін көшбасшылар қажет. Ал инклюзивті білім беруді дамытуда көшбасшылықтың

тетіктері әлдеқайда көп нәрсені қамтитындығын атап өту қажет. Бүгінгі таңда менеджер-көшбасшы инклюзивті мәдениет ұғымын толыққанды түсінетін және оны өз білім ордасында қалыптастыра білетін «әлеуметтік сәулетші» бола білуі тиіс.

Жоғарыда берілген көрсеткіш мектеп директорларының инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру мәселелері бойынша біліктілігін арттыру қажеттілігін айқындай түседі. Осы тұста сауалнамадағы «Біздің мектептің әкімшілігі мектепте инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру мәселелері бойынша біліктілікті арттыруды қажет етеді» тұжырымына берілген жауаптар бойынша мектеп директорларының көзқарасы төмендегіше болды (2-сурет).



2-сурет. Мектеп директорларының «Біздің мектептің әкімшілігі мектепте инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру мәселелері бойынша біліктілікті арттыруды қажет етеді» тұжырымына жауаптары

Берілген диаграммадан байқағанымыздай, сауалнамаға қатысқан мектеп директорларының шамамен 80%-ы мектепте инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру мәселелері бойынша біліктілікті арттыруды қажет етеді.

Жыл сайын педагогтерге тұрақты түрде ұйымдастырылатын біліктілікті арттыру курстарының дені практикалық бағытталып, білім алушылардың ерекше қажеттіліктерін анықтау, оларды бағалау, психологиялық-педагогикалық қолдау, жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу және т.б. осы секілді тікелей білім беру процесіне қатысты мәселелерді қамтиды.

Осы орайда мектеп әкімшілігіне арналған инклюзивті менеджмент бойынша курстар қажеттілігі өзектілене түседі. Білім беру басшылығының инклюзивті білім беру жөнінде түсінігі 100% қалыптаспай, тұтастай ұжымнан қандай да бір оң қадамдар күту қиын. Ғалымдар мектеп директорларының барлық білім алушылардың, оның ішінде ЕБҚ бар білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруы үшін инклюзия философиясын жетік түсінуі, белгілі бір деңгейде арнайы білімінің болуы, сонымен қатар орын алған кедергілерді шешуде әлеуметтік әділеттілік қағидаттарына сүйенуі қажеттілігін алға тартады.

Сауалнамада сонымен қатар «Әрбір балаға қолайлы білім беру ортасын құру үшін мектепке не қажет деп ойлайсыз?» ашық сұрағы қойылған болатын. Бұл сұрақтың төңірегінде жауаптардың дені материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік базаны жақсарту, нормативтік құқықтық құжаттарға өзгерістер енгізу, біліктілікті арттыру секілді мәселелер төңірегінде орын алып, инклюзия философиясын қалыптастыру, инклюзия мәдениетін дамыту секілді жауаптардың аз екендігі байқалды. Түптеп келгенде, аталған мәселелердің

барлығы инклюзивті білім беру жөнінде түсініктің болмауынан туындайтындығын естен шығармау қажет.

Мектеп директоры ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды білім беру процесіне қосу бойынша мектеп саясаты мен инклюзивті білім беру тұжырымдамасын әзірлеуге және оны енгізуге жауапкершілікті өз мойнына алуы тиіс. Осы тұста ескере кететін жайт, бүгінгі таңда ЕБҚ бар балаларға білім беруге қатысты басты назар оқу процесі тиімділігіне қарағанда олардың сабаққа қосылуына көбірек аударылады. Қазіргі таңда ЕБҚ бар балаларға жалпы білім беретін мектептерде оқуға қолжетімділік жолға қойылып келгендіктен, назарды сабаққа қосылудан гөрі, балалардың жыл сайынғы прогресіне аудару қажет. Мектеп әкімшілігі осы тұста педагогтердің кәсіби біліктіліктерін үздіксіз жетілдіру жоспарын әзірлеп, инклюзивті білім беру прогресін мониторингілеуді ұйымдастыруы қажет. Мұндайда мектеп директорлары педагогтерге қолдау көрсетіп, олардың кәсіби зорығуына жол бермеуі тиіс.

Демек, отандық білім беру ұйымдары басшылары мектептерді қажетті оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық жабдықтар мен ресурстармен қамтамасыз етумен шектелетін көшбасшыдан инклюзивті білім беруді қолдау үшін мектеп жүйесін түгелдей өзгертуге қауқарлы көшбасшыға айналуы тиіс. Мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап оның барлық баланың сапалы білім алуы мен табысты әлеуметтенуін қамтамасыз ететін қолайлы климат сезілуі тиіс.

Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА сайтынан (www.nao.kz) Инклюзивті білім беру орталығымен әзірленген «Мектеп әкімшілігіне арналған инклюзивті ортада білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар»

мен» танысуға болады. Бұл әдістемелік құралда әрбір білім алушыға қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру бойынша шетелдік және отандық мектептердің табысты үлгілері келтірілген. АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Гонконг, Аустралия, Португалия, Молдова, Ресей, сонымен қатар еліміздегі озық үлгідегі менеджментпен ерекшеленген мектептерге қатысты зерттеулер берілген.

Мысалы, американдық зерттеушілердің пікірінше, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың артта қалуының басты себептерінің бірі, білім беру ұйымдарының олардың төмен үлгерімі үшін жауап бермеуіне байланысты. Мектептердің көбінде акцент білім беру процесінің тиімділігіне емес, оған қосылуға ғана қойылған. Бұл проблеманы олар мектептердің білім мазмұнына байланысты жыл сайынғы прогресті қамтамасыз етуге міндеттелгенінен кейін еңсере бастағандығын алға тартады [4].

Британдық зерттеушілердің пікірінше, инклюзивті практиканы дамыту мектепте жұмыс істейтін қызметкерлердің ойлау жүйесіне байланысты. Яғни ЕБҚ бар білім алушылардың сапалы білім алуының маңызды факторы – көшбасшылық, мектеп директорларының инклюзивті білім беруге қатысты ымырасыз, табанды ұстанымы [5].

Қарағанды қаласы №27 орта мектебі педагогтерінің пікірінше, мектеп әкімшілігі тек арнайы жағдайларды жасап қана қоймай, мектепке қабылдаудан басталатын басқару жүйесіндегі күрделі құрылымдардың барлығын қамтуы тиіс: мектепте инклюзивті білім беруді

дамыту стратегиясын әзірлеу, оқыту формалары вариативтілігін қамтамасыз ету, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру, барлық қызметкерлерде ортақ инклюзивті құндылықтарды дамыту, толерантты мектеп мәдениетін қалыптастыру, мектеп педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру, балалардың ерекше қажеттіліктерін ескерумен қосымша білім беру жүйесін дамыту, әлеуметтік серіктестермен өзара ықпалдастықты ұйымдастыру, ата-аналармен тығыз қарым-қатынасты дамыту, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық базаны дамыту, әріптестер арасында табысты тәжірибені насихаттау және т.б.

Әрбір білім алушыға қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру бойынша озық үлгідегі мектептерде басты рөл мектеп директорына тиесілі. Мектеп директорының мектеп өміріне белсенді қатысуы өзгерістерді енгізуде, қызметтерді жақсартуда маңызды предикатор болып есептеледі. Мектеп директоры жүйелі өзгерістерге ықпал етіп, әріптестерінің жаңа көзқарастар мен практикаларды қабылдауына түрткі болады.

Қорыта айтатын болсақ, мектеп директоры мектеп саясатын бекітіп, өз ісімен әріптестерінің этикалық және кәсіби дамуының жақсаруының себепшісі бола отырып, бастысы, білім алушылардың әртүрлі қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың сапалы білім алуына және табысты әлеуметтенуіне айтарлықтай әсерін тигізеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. URL: https://www.akorda.kz/kz/special/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасында білім беруді және

ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>.

3. «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинақ – «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ: Нұр-Сұлтан, 2020. – 308 бет.

4. Mcleskey J. Effective leadership makes schools truly inclusive /J. Mcleskey. URL: https://www.researchgate.net/publication/273292059_Effective

5. Ainscow M. From exclusion to inclusion: ways of responding in schools to students with special educational needs / M. Ainscow, A. Dyson, S. Weiner. URL: <https://files.eric.ed.gov/fulltext/ED546818.pdf>).

Л. А. БУТАБАЕВА, С. К. ИСМАГУЛОВА, А. К. ЖУСИП

РОЛЬ АДМИНИСТРАЦИИ ШКОЛЫ В РАЗВИТИИ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Национальная академия образования им. И. Алтынсарина,

г. Нур-Султан, Казахстан

e-mail: L_askarovna@mail.ru, svetlana_isk@list.ru, zhussipaidana@gmail.com

L. A. BUTABAEVA, S. K. ISMAGULOVA, A. K. ZHUSSIP

THE ROLE OF THE SCHOOL ADMINISTRATION IN THE DEVELOPMENT OF INCLUSIVE EDUCATION

National academy of education named after Y. Altynsarin,

Nur-Sultan, Kazakhstan

e-mail: L_askarovna@mail.ru, svetlana_isk@list.ru, zhussipaidana@gmail.com

Аннотация. В статье рассматривается роль администрации школы в формировании инклюзивной образовательной среды в общеобразовательных школах, в создании комфортной образовательной среды для каждого ребенка. В целях определения текущего состояния инклюзивного образования, в общеобразовательных школах было проведено анкетирование директоров школ, их заместителей и педагогов. В статье анализированы некоторые вопросы по данному исследованию, где определяется роль руководства школы в развитии аспектов инклюзивного образования, как инклюзивная культура, политика и практика. Также в статье изучается передовая практика зарубежных и отечественных школ, добившихся успеха в создании условий для качественного образования и социализации всех детей, в том числе детей с особыми образовательными потребностями, представлены методические рекомендации директорам школ по формированию благоприятной образовательной среды.

Ключевые слова: дети с особыми образовательными потребностями, инклюзивное образование, администрация школы, инклюзивная культура, философия инклюзии, успешный опыт.

Abstract. The article considers the role of the school administration in the formation of an inclusive educational environment in secondary schools, in creating a comfortable educational environment for every child. In order to determine the current state of inclusive education, a survey of school principals, their deputies and teachers was conducted in general education schools. The article analyzes some questions on this study, which determines the role of school management in the development of such aspects of inclusive education as inclusive culture, policy and practice. The article also examines the best practices of foreign and domestic schools that have succeeded in creating conditions for high-quality education and socialization of all children, including children with special educational needs, and gives methodological recommendations to school principals on the formation of a favorable educational environment.

Keywords: children with special educational needs, inclusive education, school administration, inclusive culture, philosophy of inclusion, successful experience.

FTAMP 14.29.05

Л.А. БУТАБАЕВА¹, Ш.Е. МАЛЬКЕНОВА²¹PhD, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан, e-mail: l_askarovna@mail.ru²Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: shynarmalkenova@mail.ru

АРТ-ТЕРАПИЯ АРҚЫЛЫ НАШАР ЕСТИТІН БАСТАУЫШ СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Андатпа. Бұл мақалада нашар еститін бастауыш сынып білім алушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуда қолданылатын арт-терапия әдісі жөнінде жазылды. Психотерапияның бір түрі болып есептелетін арт-терапия әдісін зерттеген шетелдік ғалымдардың еңбектерін саралау негізінде қысқаша мәліметтер ғылыми тілде жазылып шықты. Сонымен қатар бастауыш сынып туралы түсінік беріле отырып, аталмыш мектеп жасындағы білім алушылардың шығармашылық деңгейлері қарастырылды. Мақалада бастауыш сыныптағы нашар еститін білім алушылардың білімді игеруі негізінде шығармашылық қабілеттерін дамытуға болатындығы жөнінде сипатталды. Білім алушылардың мектепке, сондай-ақ әлеуметтік өмірге бейімделіп, шығармашылық қабілеттерді қалыптастырудың кезеңдері арқылы өтетінін түсінеміз. Осы мақала негізінде бастауыш сыныпта білім алатын нашар еститін білім алушылардың шығармашылық қабілеттері мен оларды дамытудағы арт-терапияның алар орны жөнінде мағлұматтарды ала аламыз.

Түйін сөздер: арт-терапия, мектеп, шығармашылық қабілеттер, бастауыш сынып, білім алушы.

КІРІСПЕ

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының білім беру саясатының басым бағыттарының бірі мектепке дейінгі және мектепте білім алатын ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың жағдайын жасап, оларды әлеуметтік өмірге бейімдеп, білім алу сапасын арттыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: «Күнделікті мәселелерді шешумен қатар, балалардың бәріне бірдей мүмкіндік туғызу үшін жүйелі шаралар қарастырылуы қажет. Балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапа-

лы білім алуы керек» деп атап өтті [1]. Қазақстан Республикасының білімді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасында басым көрсетілген білім саласы – инклюзивті білім беру саласы болды. Бұл білім беру саласы негізінде білім алатын балалардың басым көпшілігі – ерекше білімді қажет ететін оқушылар.

Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға білім беру аясында олардың білім алу қабілетін арттырып, саналы түрде ойлау білуге, шығармашылық қабілетін арттыруға көмек беретін бірнеше технологиялар мен әдіс-тәсілдер бар. Олардың ішіндегі бірі де, бірегейі – арт-терапия [2, 36-37 бб].

ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Төменгі сыныптарда оқитын білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамыту педагогика ғылымдарында үлкен мәселе болып отырғаны белгілі. Бастауыш мектеп – білім алушының өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі, себебі білім алушылардың ойлау деңгейі, шығармашылық белсенділігі өзгеріске түседі, танымдық деңгейі артады, білім алушы жаңа әлеуметтік рөлге ие болады, оның қарым-қатынасқа түсу дағдылары дами бастайды. Осы уақытта балалардың кең ойлауын, шығармашылық қасиеттерін дамытып қана қоймай, қалдық естуін және сөздік қорын одан әрі жақсарту түсіру керек.

ӘДІСНАМА

Бастауыш сынып – мектепке енді қадам басқан балаларға білім беретін алғашқы сатылы процесс. Жалпы мәдениетті қалыптастыруға, танымдық дамуға бағытталған бастауыш білім жеке тұлғаның мүмкіндіктерін тәуелсіз жүзеге асырудың негізін қалайды, сонымен қатар ақпараттық қоғам жағдайында адамның әлеуметтік жетістігін қамтамасыз етеді. Жоғары білімді, тілдік тұрғыдан сауатты білім алушылар үлкен жетістіктерге жете алады, өйткені олардың ойлау көкжиегі мен шығармашылық қабілеттерін көрсету мүмкіндіктері кеңейеді. Сонымен қатар бұл оқу кезеңінде білім алушыларда «мен» процесі қалыптасып, қоршаған орта туралы ойлау көкжиектері өзгере түседі, сондай-ақ бұл кезеңде көбіне олардың шығармашылық қабілеттерімен қоса ойлау, қиялдау, армандау сияқты қабілеттері қатар дамиды [3, 10-12 бб].

Бастауыш сыныптағы білім алушылардың шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуы ым-ишара, мимика, пан-

томимика, бейнелердің халықаралық тілінің дамуымен байланысты. Өнер қарым-қатынас мақсатында, белгілі бір ерекшелікке, реңкке, бояуға, көңіл күйге ие тіл ретінде қалыптасты. Қазіргі заманғы арт-терапияның прототипі өнердің ескі түрлерінде – халық туындыларында бейнеленген. Мұнда «ұжымдық бейсананың» символдық тіліне тікелей сенім артылады. Символизацияға бейім адам бейсаналық түрде әлемнің объектілері мен формаларын символдарға айналдырды және бұл рәміздерді дін мен бейнелеу өнерінде де қолданды. Ежелгі тарихтарға қарамастан, арт-терапия емдеу-түзету және алдын алу шараларында тәуелсіз бағыт ретінде ондаған жылдарға созылады. Арт-терапияның дамуына қажетті өзгерістер өткен жүзжылдықтың соңына қарай балалық пен қарапайым өнерге мүдделердің артуымен бірге қалыптаса бастады. Өз эмоцияларының стихиялық көрінісі, шынайылық, конвенция шеңберімен шектелмеген, шығармашылықтың өзі және көрермендердің суретшінің кәсібилігін нақты бағалауы емес – бұл өнер үшін де, арт-терапия үшін де маңызды.

Арт-терапия білімнің әртүрлі салаларын – психологияны, педагогиканы, медицинаны, мәдениеттануды және тағы басқа салаларды біріктіретін пәнаралық тәсіл болып саналады. Арт-терапияның қайнар көзі көркемдік тәжірибе болып есептеледі, себебі арт-терапия сабақтарында білім алушылар бейнелеу қызметіне қатыса отырып, бойындағы шығармашылық қасиеттерді артырады.

Арт-терапия ұғымы Аристотель мен Платонның еңбектерін кездесіп, оны «құдайдың сыйы» деп бағалаған, кейін өте келе педагогикалық терминдер «арт-терапия» болып өзгертілді. Арт-те-

рапия өткен жүзжылдықтың 30-жылдарында қалыптасты. Аталмыш терминді Адриан Хилл 1938 жылы енгізген, ол шипажайлардағы туберкулез ауруына шалдыққандармен жүргізілген жұмысын сипаттаған. Фразалар психологиялық денсаулық орталықтарында пациенттермен өткізілген өнер сабақтарының барлық түрлеріне қатысты қолданылды. Қазіргі кезде педагогикалық-психологиялық зерттеу салаларында және сабақтарда кеңінен қолданылады.

Арт-терапия бірінші кезекте бейнелеу мен шығармашылық функцияға бағдарланған. Арт-терапияны теориялық идеялардың контекстіне З. Фрейд және К.Г. Юнг енгізді, содан кейін ол К. Роджерс пен А. Маслоудың тұлғалық дамуының гуманистік моделіне қосылды.

К. Юнгтің тұжырымынша, арт-терапияда пайдаланылатын өнер бейсаналық және саналы «мен» концепцияларының арасындағы теңгерімділікті қалыптастыру үдерісін оңайлатады, соның негізінде жеке индивидтің өзін-өзі жеке дамытуы табысты және қолайлы іске асады.

Халықаралық зерттеулерге сүйенсек, шетелдік ғылыми еңбектердің бірқатарында арт-терапия «экспрессивті өнер психотерапиясымен» немесе «психотерапия өнерімен» селбесіп жатады, сондай-ақ емдік-коррекциялық және дамыту нәтижелеріне жету мақсатында өнердің сан түрлі нысандарын пайдаланады [4, 15-18 бб].

Арт-терапияны қолданатын мамандар ең бірінші білім алушымен жұмыс жасамас бұрын, кабинетті әртүрлі жабдықтармен өзгертіп, бояу мен гуаштармен сәндеп, жағымды атмосфераны қалыптастырады. Білім алушылар маманның көмегімен бейнелеу процесінде өздерінің ішкі ойлары мен

сезімдерін барынша жеткізіп, пайдалануға берілген құралдарды өз еріктері бойынша қолдана алады. Маман білім алушымен қарым-қатынасқа түсу негізінде көрнекі материалдарды, берілген құралдарды пайдалануына түрткі болады, соның негізінде арт-терапия процесі диалог нысандарының біріне айналады.

Арт-терапияны есту қабілеті зақымдалған білім алушыларға қатысты қолдануға болады. Аталған білім алушылар кез келген материалды бояу негізінде немесе сурет салу негізінде өздерінің шығармашылық, ұшқыр ойлау, қиялдай білу қабілеттерін жетілдіре түседі, сондай-ақ сақталған сөйлеу процестерін дамытады. Арт-терапия визуалды бейнелер жасауды қамтып қоймайды, сонымен қатар көркем туынды, көркем туынды авторы және психологтың арасындағы өзара әрекеттістікті қамтиды.

Арт-терапия, сонымен қатар психотерапияның өзге де формалары бейсаналық ақыл-ой материалын түсінуге, сонымен қатар шығармашылық қабілеттерді дамыту түсуге бағдарланған. Арт-терапиямен жұмыс істейтін мамандар бейнелеу өнерінің даму ерекшеліктерін жетік меңгерген, вербалды емес, символдық коммуникацияның кәсіби білік-дағдыларына ие және табысты тәжірибені қамтамасыз ету үшін толыққанды қорғалған жұмыс ортасын қалыптастыруға тырысады.

Негізгі арт-терапия әдістерінің бірі белсенді қиял әдісі деп санауға болады, өйткені бұл әдіс саналы және бейсаналықтың қақтығысына, олардың татуласуы мен өзара әрекеттесуіне бағытталған. Бұл әдіс арқылы арт-терапияны тәуелсіз, негізгі әдіс және көмекші әдіс ретінде қолдануға болады. Екі жағдайда да арт-терапия тиімді болады және оның әдістері жағымды модифи-

кацияланған қарым-қатынасты құруға жағдай жасайды.

М.Е. Бурноның пайымдауынша, эстетикалық стандарттар арт-терапия жағынан алып қарағанда айтырлықтай маңызға ие емес. Арт-терапиялық өзара байланысудың негізі – бейнелеу әрекеті негізінде бейсаналық психикалық материалдың көрінісі мен конденсациясы.

Арт-терапия – есту қабілеті зақымдалған білім алушылармен әртүрлі бейнелеу материалдарын пайдаланумен және визуалды бейнелер жасаумен, бейнелеу шығармашылығы үдерісімен және білім алушының өзі жасаған шығармашылық іс-қимыл өнімдеріне әсерлерімен байланысты, оның психикалық дамуының ерекшеліктерін, қабілеттерін, жеке сипаттамаларын, қызығушылықтарын, қиындықтарын айғақтайды және көрсетілген проблемалардың алдын алуға, түзетуге жағдай жасайды [5, 172 б].

Отандық және шетелдік түрлі зерттеу еңбектеріндегі өнер терапиясының анықтамалары арт-терапия функциясын кәсібилендірудің жоғары деңгейін көрсететіндігін дәлелдеді. Ғалымдар арт-терапияны белсенділік графикасы мен психотерапиялық қарым-қатынас клиенттері аясында пайдаланылатын және емдеу, психокоррекция, психопрофилактика, оңалту, әртүрлі дене кемістігі бар, эмоционалды және психикалық бұзушылықтары бар білім алушыларды, сондай-ақ қауіпті адамдарды оқыту үшін қолданылатын психологиялық әсер ету әдістерінің жиынтығы ретінде қарастыруды ұсынады.

Емдік практикамен тығыз ықпалдастықта болғанына қарамастан, арт-терапия көптеген жағдайларда негізінен әлеуметтендіретін, дамытатын және психопрофилактикалық мақсатқа ие, соның негізінде ол оқу орындарының

қызметінде, оңалту орталықтарында және әлеуметтік жұмыста маңызды бағалы құралға айналуы мүмкін.

Көптеген зерттеулерде шығармашылықты бағалау кезінде, әдетте, алғашқы екі көрсеткіш ескеріледі: тұжырымдалған идеялардың саны және олардың сирек кездесетін дәрежесі, басқалардың жауаптарымен салыстырмалы түрде қабылданады. Уақыт өте келе, шығармашылық тұрғыдан ойлаудың бұл көрсеткіштері шығармашылық, зияткерлік қабілет ретінде шығармашылықтың болуының айқын дәлелі емес екені белгілі болды. Сонымен стандартты емес немесе «сирек» жауаптардың артында әртүрлі психологиялық құбылыстар болуы мүмкін: өзіндік ерекшелік орындаушының шығармашылық және өнімді мүмкіндіктерінің көрінісі ретінде, өзіндік ерекшелік, зияткерлік сәтсіздіктің жеке гиперкомпенсациясының көрінісі немесе психикалық жеткіліксіздік байқалады. Бұл шығармашылықты зерттеу саласындағы жағдайды және шығармашылық көрсеткіштері (тіпті олардың толық жиынтығында) адамның күнделікті және кәсіби қызметіндегі нақты шығармашылық жетістіктерін өте нашар болжайтындығын күшейтті [6, 17 б].

Қазіргі кезде көптеген елдерде пайдаланылатын балалармен жасалатын арт-терапиялық жұмыстың мазмұны мен жолдары түрліше. Еуропада балалармен арт-терапиялық жұмыстың алғашқы әдіс-тәсілдерін құрудың көзін Э. Кейн, В. Ловенфельд секілді авторлар қалыптастырған. Аталған авторлар балалардың бейнелеу әрекетін олардың когнитивтік және көңіл күй ерекшеліктерінің дамуымен тығыз байланысты деп қарастырған.

Арт-терапия – шығармашылық арқылы түзету және дамыту әдісі.

Арт-терапия әдістері күрделі мазмұнды психологиялық материалға салыстырмалы түрде еш кедергісіз қол жеткізуге мүмкіндік береді, бейсаналық тәжірибені өңдеуді ынталандырады, сонымен қатар қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және өзгерістерге қарсы тұруды азайтады. Өнердегі көп қырлы символдармен жұмыс жасау негізінде ассоциативті-бейнелі ойлау, сонымен қатар қабылдаудың бұғатталған немесе дамымай қалған жүйелерін дамытады. Өнерге негізделген терапия проблемаларға шығармашылық көзқарасты қалыптастырады, мақсатқа жету жолындағы әртүрлі тәсілдер мен құралдарды анықтап, оларды пайдалана білуді дағдысын жетілдіреді, күрделі өмірлік мәселелерге шығармашылық түрде қарап, жеңіл шешуге мүмкіндік беретін жасырын қабілетті қалыптастырады.

Басқа да сан түрлі коррекциялық және дамыту әдіс-тәсілдерінен ерекшелігі – арт-терапияда визуалды және пластикалық экспрессия пайдаланылады. Мұны, әдетте, өзінің көңіл күйін, міндеттерін, орын алған мәселелерін әркез вербалды түрде білдіре алмайтын балалармен жұмыс барысында пайдаланған жөн. Шығармашылық процеске араласа отырып, бала өз қабілеттерін дамыта алады, өзін таныта алады, нәтижесінде оның көңіл күйінде және мінез-құлқында жақсаруларды байқауға болады. Арт-терапиялық атмосфера баланың өз потенциалының пайда болуына, тұлға ретінде сезінуіне ықпал етеді, сәйкесінше психологиялық-педагогикалық қолдаудың оң, табысты нәтижелерінің пайда болуына түрткі болады. Баланың ойын әрекетіне табиғи бейімділігі, қиялға деген ұмтылысы маңызды мәнге ие. Жоғарыда мазмұндалғанды ескере отырып, арт-терапия әдіс-тәсілдерімен коррекциялық жұмыстарды ұйымдастыруда оқу процесінде

ойын және шығармашылық атмосферасы түзіледі.

Арт-терапияны шығармашылық қабілеттерді дамыту тәсілі ретінде қарастыра отырып, бастауыш мектеп жасындағы есту қабілеті зақымдалған балаларда шығармашылық қабілеттерін дамыту ерекшеліктерін қарастырамыз [7, 142 б].

Есту қабілеті нашар балалармен жұмыс жасауда сабақтың ұжымдық коммуникативті сипатына ерекше мән беріледі, бұл әл-ауқаттың жақсаруына, ұжымдағы рөлін, өзінің шығармашылық әлеуетін түсінуге және өзін-өзі көрсету қиындықтарын жеңуге ықпал етеді.

Есту қабілеті нашар балалармен психологиялық түзету тұрғысынан арт-терапияны қолдануда мынадай мәселелер кездеседі:

- эмоционалдық дамудың қиындықтары, эмоционалдық тонустың төмендеуі немесе керісінше, эмоциялық реакциялардың шамадан тыс импульсивтілігі, депрессиялық күйлер;
- балалардың эмоционалды түрде әлсіздігі, баланың эмоционалды қабылдамауды және жалғыздық сезімін сезінуі;
- жанжалды тұлғааралық қатынастардың болуы, отбасы ішіндегі жағдайға қанағаттанбау;
- мазасыздық, қорқыныш.

Арт-терапия әртүрлі түрлерін, ең алдымен сурет салуды қолдану ауыр эмоционалды бұзылулар, баланың қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырмауы, сондай-ақ оқу және танымдық іс-әрекеттің мотивациясының төмен деңгейі жағдайында қажет болады.

Арт-терапияны нашар еститін бастауыш сыныпта қолдану сипаты өнімді болып келеді, өйткені бұл жастағы балаларда қиялдау, ойлау функциялары енді қалыптасатын шақ болғандықтан, сурет салумен немесе бояу арқылы,

рөлдік ойындарды ойнату арқылы баланың шығармашылық қабілеттері дамиды [8, 45 б].

НӘТИЖЕЛЕРІ

Арт-терапияны қолдану арқылы, есту қабілеті нашар оқушыларда мынадай жағымды жақтар пайда болады:

- ойлау көкжиегі кеңейеді;
- ойлау, қиялдау функциялары дамиды;
- басқа да балалармен шығармашылық қарым-қатынасқа түсу арқылы, өзін әлеуметтік жерлерде қалай ұстау керектігін сезіне алады;
- өзін-өзі бағалауы артады;
- шығармашылық қасиеттері (сурет салуы, бояуы, кескіндерді сызуы) жақсы жаққа өзгеріп, шығармашылық дарындылығы арта бастайды;

- кез келген қиындықты еңсере білуге талпынады;

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, ерекше білімді қажет ететін, оның ішінде нашар еститін кіші мектеп жасындағы білім алушыларға шығармашылық қабілеттерін дамытуда арт-терапияның алатын орны ерекше. Арт-терапияны қолдану барысында, нашар еститін оқушылардың қалдық естуін дамытуға болады. Бұл мектеп жасындағы білім алушыларда шығармашылық қабілеттері даму сатысында болғандықтан, оларды одан әрі дамыту және қосымша жоғарыда аталған қасиеттері де қоса дамитын болады. Арт-терапияны қолдану барысында нашар еститін оқушылардың қалдық естуін дамытуға болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek
2. Айтмамбетова Б.Р. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – Алматы, 2005 ж, 35-37 бб.
3. Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі кіріктірілген оқу бағдарламасы. – Астана қ, 2012 ж, 10-12 бб
4. Петровский А.В., Ярошевский М.Г. «Психология», М. 2000, с 15-18
5. 4. Әмірова Ә.С. Психологиялық әдіс : Әдістемелік құрал / Әмірова Ә.С., Анартаева К.А. – Алматы., 2006. – 172 б.
6. Особенности работы психолога по формированию принятия подростками сверстника с ограниченными возможностями здоровья / С. А. Черкасова // Инклюзивное образование: практика исследования, методология: сборник материалов II Международной научно-практической конференции / отв. ред. С. В. Алехина. Москва : МГППУ, 2013, с 17.
7. Яшкова Н.В., Наглядное мышление глухих детей [Текст] / Н.В. Яшкова. - М.: Педагогика, 2008.- 142с
8. Розанова Т. В., Развитие памяти и мышления у глухих детей. - М., 1978. .Рубинштейн С. JL Основы общей психологии. - Спб., 2002. С 45

Л. А. БУТАБАЕВА¹, Ш. Е. МАЛЬКЕНОВА²

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ СЛАБОСЛЫШАЩИХ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ПОСРЕДСТВОМ АРТ-ТЕРАПИИ

¹PhD, Национальная академия образования им. И. Алтынсарина,
г. Нур-Султан, Казахстан, e-mail: l_askarovna@mail.ru

²Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан, e-mail: shynarmalkenova@mail.ru

L. A. BUTABAEVA¹, SH. E. MALKENOVA²

**DEVELOPMENT OF CREATIVE ABILITIES OF HEARING-IMPAIRED
PRIMARY SCHOOL STUDENTS THROUGH ART THERAPY**

¹PhD, National Academy of Education named after Y. Altynsarin,
Nur-Sultan, Kazakhstan, e-mail: l_askarovna@mail.ru

²Abai Kazakh National pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: shynarmalkenova@mail.ru

Аннотация. В этой статье рассказывается о методе арт-терапии, используемой для развития творческих способностей слабослышащих учащихся начальных классов. На основе анализа трудов зарубежных ученых, изучавших арт-терапию, краткие сведения были написаны на научном языке. Кроме того, были рассмотрены уровни творчества учащихся того же школьного возраста с представлением о начальной школе. В данной статье написано, что слабослышащие учащиеся начальных классов могут развивать творческие способности, приобретая знания. Мы понимаем, что учащиеся адаптируются к школе, к социальной жизни, проходят через этапы формирования творческих способностей. С помощью этой статьи мы сможем узнать о творческих способностях слабослышащих учащихся начальных классов, также о роли метода арт-терапии в их развитии.

Ключевые слова: арт-терапия, школа, творческие способности, начальная школа, ученик.

Abstract. This article describes the art therapy used to develop the creative abilities of hard-of-hearing elementary school students. Based on the analysis of the works of foreign scientists who studied Art therapy, brief information was written in scientific language. In addition, the levels of creativity of students of the same school age with an idea of primary school were considered. The article says that hard-of-hearing primary school students can develop creativity by acquiring knowledge. We understand that students adapt to school, social life, and go through the stages of forming creative abilities. With this article, we will be able to learn about the creative abilities of hard-of-hearing students studying in elementary school.

Keywords: art therapy, school, creativity, primary school, student.

FTAMP 14.29.05

Л.К. МАКИНА¹, Г.Д. АЙТЖАНОВА²

¹п.ф.к., доцент, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: lyazzat.makina@mail.ru

²Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: gulsezim_aytzhanova@mail.ru

ОПТИКАЛЫҚ ДИСГРАФИЯСЫ БАР БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІН ТҮЗЕТУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада жазбаша сөйлеу бұзылысы, дисграфия, соның ішінде қазіргі кезде арнайы педагогикада ең өзекті мәселелердің бірі болып табылатын кіші мектеп жасындағы балаларда кездесетін оптикалық дисграфия туралы түсінік берілген. Мақалада оптикалық дисграфиясы бар балалардың көріп қабылдауын, талдауын, жинақтауын дамытып, жазуда шатастыратын дыбыстарды ажыратуын түзету жолдары, сонымен қатар зерттеу мәселесі бойынша отандық және шетелдік авторлардың еңбектеріне шолу, ғалымдар ұсынған түзету әдістерінің мазмұны мен логопедиялық түзету жұмысының негізгі бағыттары көрсетілген.

Түйін сөздер: жазудың бұзылысы, оптикалық дисграфия, көру гнозисі, көру мнезисі, дислексия.

Қазіргі кезде арнайы педагогикада ең өзекті мәселелердің бірі – кіші мектеп жасындағы оқушыларда кездесетін жазудың бұзылуы. Әртүрлі жазу бұзылыстары дисграфия деп аталады. Дисграфия оқушының білім сапасына, оқу процесіне, мектепке бейімделіп кетуіне, оның тұлға ретінде даярлануына және ақыл-ой дамуының ерекшеліктеріне кереғар әсерін тигізеді.

Жазбаша сөйлеу бұзылыстарының себептері әртүрлі болып келеді, ал дисграфия мен дислексия механизмдерінің күрделілігі оларды зерттеуге ғылымның әртүрлі салаларындағы көптеген мамандарды, соның ішінде дефектологтар мен логопедтерді тартады. А.Р. Лурия, О.А. Токарева, М.Е. Хватцев, Р.Е. Левина, И.К.

Колповская, Р.И. Лалаева, С.Б. Яковлева, В.И. Городилова, М.Х. Кудрявцева, И.Н. Садовникова, Л.Н. Ефименкова, Г.Г. Мисарено, Е.А. Пожиленко және басқа да ғалымдардың жұмыстары жазбаша сөйлеудің нақты бұзылу проблемасына арналған.

Жазудың бұзылуы балалармен қатар ересектерде де кездеседі. Егде жастағы адамдарда жазу дағдылары ми аурулары, ми қыртысының бұзылуы нәтижесінде беріледі. Ал балалардағы дисграфия – бұл дислалия, дизартрия, алалия, саңырау салдарынан ауызша сөйлеудің дамуымен көрінетін, бірақ өздігінен пайда болмайтын жазбаша және ауызша сөйлеу дағдыларын игерудегі ерекше қиындық. Балалардағы дисграфиялық бұзылулар әртүрлі болып келеді: олар

жеке жазудағы қиындықтармен және жалпы дағдыларды игере алмауымен сипатталады.

Зерттеудің мақсаты – кіші мектеп жасындағы балаларда кездесетін оптикалық дисграфия туралы түсінік беру. Сөйлеу аппараттарын зерттеп, дұрыс сөйлеуге, компенсациялауға арналған әдістерге мысал келтіріп, ерекшеліктерін көрсету. Оптикалық дисграфиясы бар балалардың көріп қабылдауын, талдауын, жинақтауын дамытып, жазуда шатастыратын дыбыстарды ажыратуын түзету болып табылады.

Зерттеудің міндеттері:

1. балаларда кездесетін оптикалық дисграфияның пайда болу заңдылықтары мен алғы шарттарын талдау;
2. оптикалық дисграфияны зерттеуге, түзетуге арналған әдістерді жинақтау, талдау;
3. эксперименталды анықтау жұмысын жүргізу;
4. балалардың тілдік талдауын, жинақтауын, буын, сөз, сөйлем, мәтін деңгейлерін дамыту;
5. эксперименталды жұмысты қорытындылау.

Дисграфия дегеніміз – қолжазбаның нашарлауы, емленің дұрыс еместігі және қолдану үшін дұрыс сөздерді таңдау проблемалары сияқты жазу қиындықтарымен сипатталатын оқудың кемістігі. Жазу кезінде дисграфиясы бар оқушылар басқа заттарды шоғырландыруға, қабылдауға қиналады. Бұл сабақ кезінде жазбалар жасауды қиындатады, өйткені әр сөзді қағазға түсіруге көп көңіл бөлінеді. Басқа айтылған нәрселерді түсінбей қалуы да мүмкін.

Токарев О.А. дисграфияны үш түрге бөліп көрсетеді: акустикалық, оптикалық және моторлық.

Оптикалық дисграфияға тоқталатын болсақ, ол көрнекі – қабылдау мен танымның тұрақсыздығымен көрінеді. Бұл дисграфияның түрінде жеке әріп танылмайды, анықталған дыбысқа жатпайды. Әріптің түрлі сәті түрліше қабылданады. Көрнекі қабылдануақты болмағандықтан олар жазуда шатасады. Көбіне мына әріптер шатасады: п-н, п-и, у-и, ц-щ, ш-и, м-л, б-д, п-т, н-к. Оптикалық дисграфияның күрделі түрінде жазуда сөз болмайды. Бала тек жеке әріпті жазады. Солақайларда ерекше, көрнекі жазуда, сөзде, әріпте, белгілер оңнан солға жазылады. Оптикалық дисграфиясы бар балалар мақсаттылық жағынан әлсіз, жиірек импульсивті, тез шаршағыш болып келеді, сонымен қатар ерікті әрекеттері зардап шегеді, оқу амалдарының шешілуін бәсеңдетеді.

Дисграфияның түрлері әртүрлі себептермен ерекшеленеді, сондықтан түзету жұмысында да ерекшеліктері болады. И.Н. Садовникова, Р.И. Лалаева, Л.В. Венедиктова жазбаша сөйлеу тілін түзету логопедиялық жұмысы ақаулықтың түріне, механизміне байланысты жүргізілетінін негіздеген.

Дисграфия түріне байланысты түзетудің қалай жұмыс істейтіндігінде бірнеше айырмашылықтар болғанымен, дисграфияның барлық түрлеріне тән бірқатар маңызды факторларды ескеру қажет. Алдымен, жазу процесіне қажетті әрекеттерді жасау керек. Мысалы, оптикалық дисграфияда бала жазылуы ұқсас әріптерді ажырата алмайды, сондықтан жазуда қате кетеді. Бұл жағдайда алдымен дыбыстарды ажыратуын дамыту қажет. Бұл жұмыс бағыты дисграфияның барлық түрінде қолданылады. Екіншіден, жұмыс кезінде сақталған анализаторға сүйену керек. Мысалы, бала Т-Д дыбыстарын ажырата алмайды, өйткені есту анализаторының

қызметі жеткіліксіз дамыған, сондықтан баланың назары бірінші кезекте артикуляциялық аппараттың позициясы мен қозғалысына бағытталуы керек. Яғни көру, қозғалыс, сезімдер анализаторын қосу пайдалы. [4]

Оптикалық дисграфияны түзету жұмысына тоқталатын болсақ, оның негізгі міндеттеріне: көріп қабылдауын, талдау, жинақтауын дамыту; жазуда шатастыратын әріптерді ажырату жатады.

Логопедиялық түзету жұмысының негізгі мазмұны: түр, түс, көлем туралы түсініктерін анықтау; өз денесін, қоршаған ортаны бағдарлау; әріптерді құрастыру, қайта құрастыру; әріптерді табу, бөліп айту болып табылады.

Логопедиялық түзету жұмысының негізгі бағыттарына: көріп қабылдауын және тануын (гнозисын) дамыту; көріп есте сақтауын анықтау және кеңейту; кеңістік түсінігін, қабылдауын дамыту; көріп талдау, жинақтауын дамыту; шатастыратын дыбыс және әріппен жұмыс жатады.

Бұл жұмыстар негізінде перспективті жоспар құрылады.

Оптикалық дисграфияны түзету барысында қолданылатын жұмыс тәсілдеріне тоқталатын болсақ, үш негізгі тәсілге бөлінеді. Олар:

1. Көру гнозисін қалыптастыру мақсатымен қолданылатын тәсілдер;

2. Көріп есте сақтауын (көру мнезисін) дамыту тәсілдері;

3. Әріпті тануын, әріп бейнесін ажыратуын қалыптастыру тәсілдері.

Оптикалық дисграфияда, дислексияда әріп бейнесін бекіту үшін әріпті бір ұқсас затпен сәйкестендіру (Ф-балғамен, С-тағамен, Г-орақпен, Ө-толық транспортирмен, Ү-рогаткамен, О-дөңгелекпен, т.б.) немесе тақпақтар жаттау сияқты тәсілдер қолданған

тиімді. Мысалы: Мына әріпке қарашы, былай «Е», былай «Ш».

Сонымен қатар, оптикалық дисграфиясы бар балаларда көру анализаторын дамыту өте маңызды. Ол үшін төменде көрсетілгендей жаттығуларды жүйелі түрде қолдану керек.

1. «Инверттелген мәтін». Кәдімгі мәтін беті 90, 180, 270 градусқа бұрылады. Оқушы көзін оңнан солға жылжытып, мәтінді оқуы керек.

2. «Сөздерді жартылай оқу». Жолдың төменгі жартысы жабылған жолдарды немесе жолдың жоғарғы жартысы жабылған жолдарды оқу.

Мақсаты: хат туралы көрнекі бейнені қалыптастыру. Бір және тіпті бірнеше сөздерді тез түсіну қабілетін қалыптастыру.

3. «Деформацияланған мәтін».

Мақсаты: Әртүрлі шрифтпен жазылған сөздерді көру қабілетін дамыту.

Жұмыс алгоритмі: Берілген сөйлемді оқу. Сөйлемде не айтылғанын анықтау. Оқылған мәтіннің ерекшеліктерін белгілеу. Сөйлемдегі ерекшеліктерді, қою түспен немесе көлбеу жазылған сөздерді танып, белгілеу керек.

1. «Шыбын». Бұл жаттығу балаларда кеңістіктегі, өзіне және қағаз бетіне бағдарлануды дамытуға және әріп пен оның айнадағы қосарлығын ажыратуға көмектеседі. Есептің басталуы әрқашан алаңның ортасынан басталады. Алдымен балалар өзіне тиесілі шыбынды (қаламды, кубикті, әртүрлі зат болуы мүмкін) шаршыға жылжытуы керек, содан кейін оның қозғалысын ыммен көрсетеді. Келесі кезеңде көздері жабық балалар шыбынның жолын анықтап, қайда тоқтағанына жауап береді. Тапқан балаға әріп жазылған қағаз беріледі, оны тиесілі ұяшыққа салу керек [2].

Баланың дамуында ұсақ моторика маңызды рөл атқарады, ол сөйлеудің дамуымен тікелей байланысты және 7-8 жасқа дейін қалыптасады. Сондықтан әріптерді әдемі каллиграфиялық жазуға үйрету қажет.

Осындай жүйелі жұмыстар арқылы баладағы оптикалық дисграфияны алдын алуға, түзетуге болады. Егер

кіші мектеп жасындағы балаларда кездесетін оптикалық дисграфияны түзету жұмыстары, сөйлемейтін процестерді дамыту, ұқсас әріптерді стиль бойынша саралау жұмыстары кешенді жүргізілсе балалардың көріп қабылдауы, талдауы, жинақтауы, жазуда шатастыратын әріптерді ажыратуы жақсарады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1. Алексеева М.М., Яшина В.И. *Методика развития речи и обучения родному языку дошкольников*. – М., 1997. – 400с.
2. Баранок О.А. *Коррекционные упражнения для младших школьников с дисграфией*// Логопед. – 2009.- №8. – с. 108-116.
3. Бессонова Т.П., Грибова О.Е. *Дидактический материал по обследованию речи детей*. – М., 1994 – часть 1.
4. Н.Б. Есенова, С. Момынова «Жазбаша сөйлеу тілі бұзылысының мінездемесі мен классификациясы»

Л.К. МАКИНА¹, Г.Д. АЙТЖАНОВА²

ПУТИ КОРРЕКЦИИ ПИСЬМЕННОЙ РЕЧИ У УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ С ОПТИЧЕСКОЙ ДИСГРАФИЕЙ

¹к.п.н., доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, e-mail: lyazzat.makina@mail.ru

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан, e-mail: gulsezim_aytzhanova@mail.ru

L.K. MAKINA¹, G.D. AITZHANOVA²

WAYS OF WRITTEN SPEECH CORRECTION OF PRIMARY CLASSES STUDENTS WITH OPTICAL DYSGRAPHIA

¹Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai Almaty, Kazakhstan, e-mail: lyazzat.makina@mail.ru

²Kazakh National Pedagogical University named after Abai Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulsezim_aytzhanova@mail.ru

Аннотация. В статье дается понятие оптической дисграфии, встречающейся у детей младшего школьного возраста, что в настоящее время является одной из наиболее актуальных проблем в специальной педагогике. Показаны способы коррекции различения запутанных звуков при письме, развитии зрительного восприятия, анализа, обобщения у детей с оптической дисграфией.

Ключевые слова: нарушение письма, оптическая дисграфия, зрительный гнозис, зрительный мнестиз, дислексия.

Abstract. The article describes the concept of optical dysgraphy that occurs in children of primary school age. The methods of correcting the distinction of confused sounds in writing, the development of visual perception, analysis, generalization in children with optical dysgraphy are shown.

Keywords: writing disorder, optical dysgraphy, visual gnosis, visual mnesis, dyslexia.

FTAMP 14.29.05

Г.Б. БЕЙСЕМБАЕВ¹, Ж.А. КАРАЕВ²¹доктор PhD, президент Национальной академии образования имени И.Алтынсарина, г.Нур-Султан, Казахстан²д.п.н., профессор, ГНС Национальной академии образования имени И.Алтынсарина, г.Нур-Султан, Казахстан

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ТРАНСФОРМАЦИИ СИСТЕМЫ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ НА ОСНОВЕ STEM-ПОДХОДА

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы трансформации системы среднего образования в контексте запросов общества будущего – Общества 4.0 с Индустрией 4.0.

Показана актуальность введения инженерно-технологического образования в школы в условиях индустриально-цифровой эры развития человечества.

Обоснованы дидактические условия реализации инженерно-технологического и STEM-образования в школе, в целом.

Показано значение реализации проектной и учебно-исследовательской деятельности в формировании STEM-компетенции. Анализированы дидактические особенности STEM (STEAM)-обучения. Обоснована роль STEM-образования в реализации деятельностно-компетентностной парадигмы и повышения функциональной грамотности учащихся.

Показано стратегическое значение трансформации системы образования на основе STEM-подхода в подготовке конкурентоспособного человеческого капитала.

Ключевые слова: трансформация системы среднего образования, Общество 4.0, Индустрия 4.0, инженерно-технологическое образование, индустриально-цифровая эра, STEM (STEAM)-обучение, конкурентоспособный человеческий капитал.

ВВЕДЕНИЕ

Как известно, главной функцией системы образования является выполнение социального заказа общества, ориентированный на решение перспективных задач развития страны. В свете современных требований к выпускнику, которые складываются под влиянием ситуаций на рынке труда и таких процессов, как ускорение темпов развития общества и повсеместной цифровизации всех сфер жизни, становится очевидным, что традиционная

знаниевая система образования не отвечает запросам современного общества, а обучение, основанное на деятельностно-компетентностном подходе требует постоянного совершенствования.

Всеобщая глобализация, тотальная цифровизация, высочайший динамизм технологизации придает совершенно новый темп экономическому и социальному развитию общества в передовых странах. Общество, охватывающее период всеобщей цифровизации и раз-

вития технологий, с уровнем индустрии 4.0 мировыми экспертами названо общество 4.0 [1,2].

Индустрия 4.0 (4-промышленная революция) предполагает новый подход к производству, основанный на массовом внедрении информационных технологий в промышленности, масштабной автоматизации бизнес-процессов и распространения искусственного интеллекта [1].

Мировой опыт показывает, что общество 4.0 с индустрией 4.0 требуют кардинальной трансформации системы образования. Данная трансформация ставит перед образованием непростые задачи: подготовка подрастающего поколения к жизни в обществе будущего (общество 4.0), которая требует от него особых интеллектуальных способностей, необходимых для специалистов высокотехнологических производств, сформированных ключевых компетенций и навыков XXI века.

Характерная черта нашей жизни – нарастание темпа изменений. Мы живем в мире, который совсем не похож на тот, в котором мы учились в школе и вузе. И темп трансформации мира продолжает нарастать. Сегодняшним школьникам предстоит: работать по профессиям, которых пока нет, использовать технологии, которые еще не созданы, решать задачи, о которых мы можем лишь догадываться. Чтобы наши дети были успешными завтра школьное образование должно соответствовать целям опережающего развития.

Следовательно, внедряемая в ближайшее время в практику 12 летняя модель среднего образования (выпускник которой через 20-25 лет должен стать специалистом «умной» экономики) должна быть ориентированной на запросы общества 4.0 и индустрии 4.0, направленные на создание базовой ос-

новы конкурентоспособного человеческого капитала.

Этого требует также решение приоритетной задачи, поставленной перед страной Стратегией «Казахстан - 2050» - вхождение в число 30-ти наиболее развитых стран мира [3].

Мировой опыт показывает, что подготовку специалистов, соответствующих требованиям индустрии 4.0 и конкурентоспособной экономики, должно осуществлять высшее образование с университетами уровней 3.0 и 4.0 [4].

Эксперты утверждают, что в ближайшем будущем в мире будет резко не хватать: IT-специалистов, программистов, инженеров, специалистов высокотехнологических производств, нано- и биотехнологий и др. Появятся профессии, которые сейчас даже представить трудно, все они будут связаны с технологией и высокотехнологическим производством на стыке с естественными науками. Чему, как и как эффективно учить, чтобы достичь интеллектуального и личностного развития каждого ученика, которому предстоит жить в быстроменяющемся и высокотехнологичном мире – это главная задача современного образования [5].

ЦЕЛЬ И ЗАДАЧИ ИССЛЕДОВАНИЯ

Стремительное развитие высокотехнологических производств под действием процессов глобализации, цифровизации и жесткой конкуренции предполагает наличие постоянно совершенствующегося конкурентоспособного человеческого капитала. В мире чувствуется «запоздалая реакция» системы образования на запросы стремительно развивающихся инновационных технологий и производств по подготовке соответствующих кадров.

В 90-годы американцы столкнулись с серьезной проблемой – при наличии

предложений в высокотехнологичных компаниях потенциальные кадры в большинстве своем не обладали достаточной квалификацией. Так, в конце 90-х в США и зародился STEM-подход к обучению, который сегодня внедряется на государственном уровне в странах, ориентированных на выращивание собственной конкурентоспособной научно-технической элиты [5,6,7]. Экспертами доказано, что устойчивое развитие государства с конкурентоспособной экономикой и индустрией 4.0 связано главным образом с реформой образования в STEM направлении [5,6].

Образовательная технология STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) представляет собой новые подходы к обучению, основанные на интеграции предметов естественно-математического цикла, информатики, технологии и инженерии в единую систему обучения для решения конкретных задач, взятых из реальной жизни.

Динамично меняющийся характер современного мира предполагает привить ученикам навыки мотивированного самостоятельного обучения в течение всей жизни, быть мобильным к адаптации, функционально грамотным, готовым к самоопределению и самореализации. Эти условия требуют новые подходы к обучению, основанные на комплексном подходе к изучению определенной проблемы или явлений. Более того, в условиях стремительного развития науки и техники огромное значение имеет формирование не только комплекса различных знаний, но и практических навыков, определяющих ключевые компетентности.

Впервые вопросом междисциплинарного и прикладного подхода в образовании озаботились в США [5,6,8].

Передовой международный опыт показывает, что интегрированный учебный процесс, включающий исследовательскую и предметно-практическую деятельность, позволяет детям лучше познакомиться с объектами живой и неживой природы в области естествознания и способствует приобретению первых навыков проектирования и программирования моделей. Это создает лучшую основу для перспективного будущего наших детей [6,7].

Специалистам будущего требуется всесторонняя подготовка и интегрированные знания из самых разных областей естественных наук, математики, инженерии и технологии.

Постепенно образование в рамках отдельных предметов теряет актуальность и это не случайно. Уровень «применения» в таксономии целей обучения предполагает использования задач из зоны внутри и межпредметной связи. Уровень «создания» (изобретение нового) – интегрированного знания и метапредметных навыков. Поэтому, решая любую производственную или бытовую задачу, человек вынужден аккумулировать знания из многих областей науки [9].

Понятие STEM представляет собой интегрированный подход обучения, который «переплетает» науки, в рамках которого академические научно-технические концепции изучаются в контексте реальной жизни [5,6,8].

МЕТОДОЛОГИЯ

В настоящее время Технология, которая включает в себя STEM образование, является единственным предметом, способствующим ученикам на практике применять знания, полученные по другим учебным дисциплинам. Как известно, быстроменяющиеся условия жизни и личностно-деятельност-

ный подход обуславливали пересмотр концептуальных положений теории трудовой подготовки учеников в школе. Личностно-деятельностный подход предполагает рассматривать школьника, в первую очередь как личность, а личность реализуется в разных видах творческой деятельности, в том числе и трудовой.

В данное время технологическая подготовка учащихся осуществляется при изучении основ наук в условиях их взаимодействия в содержании, формах и методах обучения в школе, то есть политехнических знаний, лежащих в основе технических и технологических процессов. Это создает необходимые условия для формирования у учащихся способностей переноса знаний из области теоретического познания в их практическое применение. Таким образом изучение предмета технологии, начиная с начальной школы, должна, с одной стороны, расширять политехнический кругозор школьников и развивать их творческие способности, а с другой стороны, формировать их технологическую культуру. Реализация этих целей технологии должна проходить в процессе трудового воспитания, формирования трудолюбия и уважения к труду, профориентации школьников и подготовки их к будущей трудовой жизни.

В основе содержания технологии лежит целостный образ окружающего мира, который преломляется через результат творческой деятельности учащихся.

На сегодняшний день только технология помогает ученикам на практике применить знания, полученные на других предметах. Чтобы выполнить чертёж, нужно правильно отмерить длину и ширину или диаметр окружности, а для этого надо знать математику.

Знания о материалах, производстве, народных промыслах не только помогут в изготовлении изделий, но и пригодятся на уроках окружающего мира. При подготовке к защите проекта ученики используют знания, полученные на уроках родного языка, чтобы грамотно построить выступление. Для презентации выступления – используют знания, приобретенные на уроках информатики.

Ещё больше возможностей у уроков технологии в основной школе. Ученики могут обсудить растениеводство и животноводство, которые являются объектами исследования биологии. Когда они изучают свойства материалов, они на практике применяют знания по физике и химии. Алгебра и геометрия помогают им с расчётами и графическими построениями. И все эти знания лучше усваиваются именно потому, что ребята применяют их на практике. Они видят не сухие факты из учебников, а технологии, которые реально меняют мир – здесь и сейчас.

На уроках технологии школьники получают навыки XXI века, ребёнок адаптируется к меняющемуся миру. Они дают ему информацию о современных технологиях и профессиях, показывают, как на практике применить знания по другим школьным предметам, учат думать самому, а не быть просто исполнителем, который работает по готовому плану. А ещё подсказывают, как решать постоянно усложняющиеся технические и технологические задачи, и в конечном итоге способствуют приобрести те знания и навыки, которые понадобятся будущему профессионалу в его карьере.

Компьютеры – одно из основных средств для освоения технологии. Они помогают найти информацию, создать эскиз и построить чертёж будущего изделия. Очень важная для любого школь-

ника задача: освоить способы работы с компьютером, научиться искать информацию в разных источниках, в том числе в интернете. Этому учеников обучают не только на уроках информатики, но и технологии.

Таким образом, технология – интегрированный предмет, синтезирующий полученные знания из математики, информатики, физики, химии, биологии и показывающий их использование в различных направлениях деятельности человека. Технология формирует умения созидательного, продуктивного труда и основу технологических навыков. Однако этого недостаточно для формирования базовых основ специалистов Индустрии 4.0.

В широком смысле технологии в энциклопедиях дают следующие определения. Технология – это совокупность определенных методов, процессов, инструментов и материалов, с помощью которой возможно достижение желаемого результата. Технология – комплекс организационных мер, операций и приемов, направленных на изготовление, обслуживание, ремонт, эксплуатации изделия с номинальным качеством и оптимальными затратами, и обусловленных текущим уровнем развития науки, техники и общества, в целом [10].

Технологии, которые основаны на наукоемких разработках и задействуют в производственном процессе информационно-коммуникационных технологий (ИКТ), достижения микроэлектроники, робототехники и др., называются высокими технологиями [10].

Мировой опыт показывает, что для овладения первоначальными знаниями и навыками применения науки в реальном производственном процессе и в различных отраслях народного хозяйства, ученики должны быть ознакомлены базовыми основами инженерии.

Инженерия (инженерное дело) – область технической деятельности, включающая в себя целый ряд специализированных областей и дисциплин, направленная на практическое приложение и применение научных, экономических, социальных и практических знаний с целью обращения природных ресурсов на пользу человека [10].

Цель инженерной деятельности – изобретение, разработка, создание, внедрение, улучшение техники, материалов и процессов. Инженерное дело тесно переплетается с наукой, опираясь на постулаты фундаментальной науки и результаты прикладных исследований. Посредством инженерии обеспечивается связь между фундаментальной науки и отраслями народного хозяйства. Инженерное дело является отраслью научно-технической деятельности. Оно охватывает три вида инженерно-технической деятельности: 1) исследовательская (научно-техническая) деятельность – прикладные научные исследования, технико-экономическое обоснование; 2) конструкторская (проектная) деятельность – это конструирование (проектирование), создание и испытание прототипов технических устройств, разработка технологии их изготовления, подготовка проектной документации; 3) технологическая (производственная) деятельность – деятельность, направленная на внедрение инженерных разработок в практическую деятельность экономических субъектов с их последующим сопровождением (технической поддержкой) [10].

Таким образом, инженерное дело (инженерия) – область человеческой деятельности, дисциплина, профессия, задачей которой является применение достижений науки, техники, использование законов физики и природных ресурсов для решения конкретных

проблем, целей и задач человечества.

Школа должна стать первой ступенью в освоении современных инженерных специальностей.

Инженерное образования в школе осуществляется за счет интеграции основного и дополнительного образования по всем уровням образования [11].

В начальной школе – пропедевтика (развитие у младшего школьника опыта общения с природой, умения наблюдать и исследовать явления окружающего мира с помощью простых инструментов сбора и обработки данных, формирование базовых навыков работы с материалами, знакомство с принципами проектной деятельности) [11]. Нетрудно заметить, что пропедевтика инженерного образования реализуется изучением предмета «Технология».

